

"Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № А-11/572 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда № 4542 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № А-6/219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2016 № А-6/219 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіп пен мерзімде Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

4. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С.Кулагин

Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 26 қарашадағы № А-11/572
қаулысымен бекітілді

"Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінде осы Ереженің қосымшасында көрсетілген ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

3. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сәтбаев көшесі, 1, "б" корпусы.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе,

онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға, ұлт бірлігін нығайтуға, мемлекет пен азаматтық сектордың серіктестік жүйесін қолдауға және өңірдің ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) өңірде ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін қамтамасыз ету және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты", Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларының, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және салалалық бағдарламалардың және басқа стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтарын өңірде түсіндіру мен насихаттауды қамтамасыз ету;

3) ішкі саясат саласындағы өңірлік маңызы бар бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

16. Функциялары:

1) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

2) алынып тасталды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.03.2016 № А-5/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;

4) алынып тасталды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.03.2016 № А-5/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

5) алынып тасталды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.03.2016 № А-5/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

6) алынып тасталды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.03.2016 № А-5/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

7) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің Ақмола облысының аумағында пайдаланылуын (тігілуін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асыру;

9) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

10) уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөніндегі ақпаратты ұсыну;

11) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыру;

13) Ақмола облысының аумағында қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтерді жинау, жинақтау және уәкілетті органға беру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 29.03.2016 № А-5/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, басқа ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіп бойынша Басқарманың қызметін атқару үшін қажетті ақпаратты сұрап алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстың аумағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің пайдаланылуына (тігілуіне, орналастырылуына) тексеріс жүргізу;

3) Басқарманың құзырына кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға консультативтік-әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да көмек көрсету;

4) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің, Ақмола облысы әкімінің жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесін басқаруды Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшысы жүзеге асырады.

19. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімімен келісіліп қызметке тағайындайды және

қызметтен босатады.

20. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және оны басқарады;

2) Заңға сәйкес "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, ведомствоға бағынысты мекемелердің басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және ведомствоға бағынысты ұйымдарының басшыларын марапаттау, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғайды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша шаралар қолданады және ол үшін дербес жауапкершілік алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға атқарады.

22. Басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіліктерін анықтайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Ақмола облысының ішкі
саясат басқармасы" мемлекеттік
мекемесі туралы ережеге қосымша

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. "Акмолинская правда" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
2. "Ақмола – "Тіршілік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
3. "Ақмола Медиа Орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.